

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТТЕГІ ИБЕРИЯ

1. 1755 жылы 1 қарашада болған лиссабон жер сілкінісіне арнап шығарма жазған француз ағартушысы кім?

- А) Ф.-М.А.Вольтер В) Д.Дидро С) Ж.-Ж.Руссо

2. Мына суреттегі португалдық оқиғадан үзіндіні салған орыс суретшісі кім?

- А) И.Репин В) А.Иванов С) К.Брюллов



3. Екі жылдан артық уақыт Испанияда тұрып, екі «Испан кіріспесін» жазған орыс композиторы кім?

- А) Н.Римский-Корсаков В) М.Балакирев С) М.Глинка

4. Дж.Вердидің «Дон Карлос» операсының либреттосы осы аттас кімнің шығармасына негізделген?

- А) Ф.Шиллер В) И.В.Гете С) Т. де Молина

5. Пиреней жартылай аралындағы бұл өзен А.Пушкиннің өлеңінде кездеседі, осы өлеңге М.Глинка мен А.Даргомыжский романс жазған. Бұл қандай өзен?

- А) Тахо В) Эбро С) Гвадалквивир

6. Испан ақсүйегі бейнеленген мына суреттің авторы әрі көптеген әдеби шығармалардың кейіпкері.

- А) И.Репин
В) И.Левитан
С) В.Суриков



7. Ж.Бизенің операсындағы Карменнің бірінші ариясы қалай аталады?

- А) «Хабанера» В) «Сарсуэла» С) «Сегидилья»

8. Ж.Верн әңгімелерінің бірінде басы Испанияға қарап ұйықтап жатқан арыстанмен салыстыратын қандай тау?

- А) Тейде вулканы В) Гибралтар жартасы С) Монсеррат тауы

9. Қамалға шабуыл жасағанда маймылдар үйірін басқарған испандық батыр туралы әңгіме жазған жазушы.

- А) М.Сервантес В) М.Твен С) Ж.Верн

10. Сөз болып отырған автордың тарихи романында әйгілі көркемсурет туындысы жөнінде болған әңгіме «Үш тал шашымды жұлсаң, үндемеймін, ал төртіншісінде жібермеймін» деген ескі мәтелмен аяқталады. Осы романның авторы кім?

- А) А.Стендаль В) Л.Фейхтвангер С) В.Скотт

11. А.Даргомыжский «Тас қонақ» операсын жазғанда кімнің әдеби мәтінін пайдаланды?

- А) Т. де Молина В) А.Пушкин С) А. Толстой

12. 1932-1933 жылдары Дон Кихоттың басынан кешкен оқиғалары туралы кинофильмге үш ән жазған француз композиторы кім?

- А) М.Равель В) Ж.Массне С) Ф.Пуленк

13. М.Волошиннің өлеңі бойынша кепкен зәйтүннен болатпен ойып жасалған музыкалық аспап.

- А) бандуррия В) кастаньета С) виуэла

14. Испан тілдес елдерде әдебиет саласындағы ең беделді марапаттардың бірі – Сервантес сыйлығын 1979 жылы иеленген латын-американдық жазушы кім?

- А) Х.Л.Борхес В) П.Неруда С) Г.Маркес

15. И.Бродский «Поэзияның анықтамасы» өлеңін қандай испан ақыны әрі драматургіне арнап жазды?

- А) Ф.Гарсиа Лорка В) Х.Р.Хименес С) А.Мачадо

ӨНЕР

16. Д.Веласкестің мына суретінде қандай ежелгі римдік ақынның шығармасынан үзінді бейнеленген?

- А) Овидий
В) Вергилий
С) Гораций



17. Корридаға арнап офорттар топтамасын жасаған испандық суретші кім?

- А) Ф.Сурбаран В) Ф.Гойя
С) Д.Веласкес

18. Отызжылдық соғыс шайқастарының бірі бейнеленген мына суреттің авторы кім?

- А) Х.Рибера В) Ф.Рибальта
С) Ф.Сурбаран




19. Отан, махаббат және сенімге арналған опера трилогиясын шығарған испан композиторы кім?

- А) М. де Фалья В) Ф.Педрель С) И.Альбенис

20. Мына суреттің авторын ХХ ғасырдың авангардистері өздерінің ізашары деп таныған. Ол суретші кім?

- А) Эль Греко В) Д.Веласкес С) Ф.Гойя



21. Өсиетнамасында мәйітін өзінің жеке мұражайында жерлесін деп жазып кеткен суретші кім?

- А) Ф.Гойя В) П.Пикассо С) С.Дали

22. Мына суреттің авторы Испания королі ІҮ Карлдың сарай суретшісі болған.

- А) Д.Веласкес В) Р.Менгс С) Ф.Гойя



23. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы испан зиялыларының әдеби ортасында орын алған идеялық және мәдени ағым қалай аталды?

- А) «Гонгоризм»
В) «Карлизм»
С) «1898 жылдың ұрпағы»

24. Берілген мына сурет П.Пикассо мен С.Далидің сурет түрлерінен жинақталған топтамасына негіз болған. Бұл суреттің авторы кім?

- А) Ф.Гойя
В) Ф.Сурбаран
С) Д.Веласкес



25. Отандастары «Испандық Рубинштейн» деп атаған композитор әрі шебер пианист кім?

- А) И.Альбенис
В) М. де Фалья
С) Э.Гранадос

26. Испан суретшісінің мына суреті Мәскеудегі А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайындағы құнды жәдігерлердің бірі болып табылады. Сурет қалай аталады?

- А) «Өртіс»
В) «Шардағы қыз»
С) «Достық»



27. Париждегі ЮНЕСКО ғимаратының қабырғаларын безендірген испан суретшісі кім?

- А) Х.Миро В) Ф.Гойя С) С.Дали

28. Мына суреттің авторы «Орыс балетінің» маусымдарын безендірумен айналысқан. Ол суретші кім?

- А) Х.Грис В) Ж.Миро
С) П.Пикассо




29. Қай қалада 1978 жылы композитор М. де Фальяға арналған мәдени орталық ашылды?

- А) Кадис В) Мадрид С) Гранада

30. Монжуик тауындағы мұражай мына суреттің авторының шығармашылығына арналған. Суретші кім?

- А) Х.Миро В) П.Пикассо
С) С.Дали



ТАРИХ

31. ХХ ғасырдың бірінші жартысында «Темір дәрігер» деп Испанияда кімді атаған?

- А) М.Примо де Ривера В) Ф.Франко С) Х.Негрин

32. Мұсылман Испанияны араб халифатынан тәуелсіз мемлекет еткен қандай әулеттің өкілі?

- А) Абассидтер В) Омейядтар С) Альморавидтер

33. Испаниядағы 1031 жылы аяқталған өзара соғыс неге әкеп соқтырды?

- А) Әл-Андалустың шағын эмираттарға бөлініп кетуіне
В) Испания мен Португалияның бірігуіне
С) ІІІ Абд әл-Рахманның таққа отыруына



34. 1085 жылы Кастилия королі қандай эмиратты басып алды?
 А) Малага В) Гранада С) Толеда

35. 1297 жылы Португалия мен Кастилия корольдіктері арасындағы шекараны белгілеген келісім-шартқа қай қалада қол қойылды?
 А) Вальядолид В) Бургос С) Алканьисес

36. Алғашқы кортестер қашан және қайда пайда болды?
 А) XIII ғасырда Арагонда В) XII ғасырда Леонда
 С) XIII ғасырда Кастилияда

37. Вестфаль бейбіт келісімінің шарты бойынша Испания қай елдің тәуелсіздігін мойындады?
 А) Голландия В) Португалия С) Фландрия

38. Португалияның барлық отар елдеріндегі құлдыққа тыйым салу туралы заң нақты қашан қабылданды?
 А) 1595 жылы В) 1761 жылы С) 1869 жылы

39. Малага тұрғындары «Бостандыққа ескерткіш» деп атайтын обелиск Испания короліне қарсы көтеріліс ашқандарды еске алу үшін орнатылған. Сөз болып отырған испан королі кім?
 А) I Иосиф Наполеон В) IV Карл С) VII Фердинанд

40. Испанияның тәуелсіздігі үшін Наполеонға қарсы соғысы кезіндегі партизандар қалай аталды?
 А) герильеро В) афрансесас С) идальго

41. 1812 жылы кортестер қабылдаған мемлекеттік құжат қалай аталды?
 А) Баскс мәртебесі В) Байоннк мәртебесі
 С) Кадисск конституциясы

42. Испания тарихында «Катастрофа» деген атқа ие болған 1898 жылғы қандай соғыс еді?
 А) Испан-американ соғысы В) Испандық мұра үшін соғыс
 С) Отар елдердің тәуелсіздігі үшін соғыс

43. 1910 жылы қазанда тақтан тайдырылған Португалияның соңғы королі кім?
 А) XII Альфонсо В) I Карлуш С) II Мануэл

44. 1926 жылғы Португалиядағы мемлекеттік төңкерісті М.Гомиш да Коштамен бірге кім ұйымдастырды?
 А) М.Каэтану В) А.Кармона С) А.Спинола

45. 1934-1935 жылдар Испания тарихында қандай атпен белгілі?
 А) «Қара екі жыл» В) «Апельсин соғысы»
 С) «Франкисттік Испания»

ӘДЕБИЕТ

46. С.Далидің публицистикалық мақалалары басылып шыққан өнертану журналы.
 А) «Пегас» В) «Феникс» С) «Минотавр»

47. 12 жолды шумақпен жазылатын лирикалық шығарма түрі көне испандық поэзияда қалай аталды?
 А) Копла В) Децима С) Рондель

48. М. де Фальяның қай шығармасы М.Сервантестің романының желісімен жазылған?
 А) «Қысқа өмір» В) «Махаббат-сиқыршы»
 С) «Қылжақпас маэстро Педро»

49. «Бұл басылымымды менің мансабыма көп ықпал еткен жауларыма арнаймын» деп кім айтқан?
 А) В.Б.Ибаньес В) М. де Унамуно С) К.Села

50. Б.П.Гальдостың «Сарагоса», «Херона», «Арапиль түбіндегі шайқас» сынды романдары қандай тарихи оқиғаға арналған?
 А) Карлист соғыстары В) Онжылдық соғыс
 С) Наполеон соғыстары

51. М. де Унамуноға өзінің алғашқы романын жазуға шабыт берген Л.Толстойдың қай шығармасы?
 А) «Соғыс пен бейбітшілік» В) «Анна Каренина» С) «Жексенбі»

52. Үш мәрте Нобель сыйлығының номинанты болған XX ғасырдың басындағы испандық романтик ақын кім?
 А) Г.Нуньес де Арсе В) Ф.Гарсиа Лорка С) Х.Л.Борхес

53. Монархияға қарсы сөз сөйлегені үшін 1914 жылы Саламан университетінің ректорлық орынтағынан алынып тасталған испан әдебиетшісі.
 А) М. де Унамуно В) Б.П.Гальдос С) Ф.Гарсиа Лорка

54. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тарихы туралы бірнеше том кітап жазған испан жазушысы кім?
 А) М. де Унамуно В) В.Б.Ибаньес С) Р.М.Валье-Инклан

55. Испан жазушысы П.Барохтың ауыл баласы Мануэль Алькасардың өмірлік жолын іздеуі туралы баяндалатын шығармалар циклі қалай аталады?
 А) «Тіршілік ету үшін күрес» В) «Таным негізі»
 С) «Таңғажайып өмір»

56. Испанияның Эльче қаласындағы университетке ақын, «Айдың білгірі», «Сөнбес шырақ», «Халық желі» атты өлең жинақтарының авторының аты берілген. Ол кім?
 А) М.Эрнандес В) Ф.Гарсиа Лорка С) М. де Унамуно

57. Испандық ақын Ф.Гарсиа Лорка бір өлеңінде «бес епті қанжардың құрбаны» деп қандай музыкалық аспап жайында айтқан?
 А) Скрипка В) Флейта С) Гитара

58. Ф.Гарсиа Лорка испандық музыка жанрының қандай түріне өлеңдер жинағын арнаған?
 А) Сардана В) Сарсуэла С) Канте хондо

59. Р.Альбертидің қандай өлеңдер жинағында Құдай теңізге гидропланмен келіп қонады, ал әлем бұрамалы ойыншық раушанға айналады?
 А) «Періштелер туралы» В) «Таң шапағының бояуы» («Левкой зари») С) «Мықты қалау» («Прочная кладка»)

60. Ф.Гарсиа Лорка 1922 жылы маусымда М. де Фальямен бірге халық әншілерінің тұңғыш сайысын қай қалада ұйымдастырды?
 А) Кордова В) Мадрид С) Гранада

РЕСЕЙ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
 СОЛТУСТІК-БАТЫС БӨЛІМШЕСІ
 НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
 «НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША
 ОЙЫН САЙЫСЫ

АЛТЫН ЖЕЛБЕҒІ



9-11 СЫНЫПТАР

IBERIA PAENINSULA:

«ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ДАЛАЛАРДАН ШЕКСІЗ

ТЕҢІЗДЕРГЕ ДЕЙІН»

21-24 АҚПАН 2014

Сайыс Пиреней жартылай аралын қоныстанған халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналады.

Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет. Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Қандай да бір түзетулер немесе бүлдіріп алулар ақпаратты қате тануға әкеліп соқтырады.

Толтырылған жауап парағын сайысты ұйымдастырушыға дүйсенбі 2014 жылғы 24 ақпанда тапсыру қажет. Дұрыс жауаптары 2014 жылдың наурыз айында www.runodog.ru сайтында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!